

Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық
университеті Ке Ақ
құрамындағы
Кәсіби білім беру
колледжінің
2023-2024 оқу жылы
атқарған іс-шаралары





«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.



«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және
ұлттық құндылықтарды
бойына сіңірген еңбекқор,
адал, саналы, жасампаз
азаматты тәрбиелеу.



Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.



ҚазҰлтҚызПУ Ке АҚ
құрамындағы
Кәсіби білім беру колледжінің
студенттік парламент
президенті
401-топ студенті
Абдильдина Айсулу





**КОЛЛЕДЖДІҢ
2023 -2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН БІРТҰТАС КЕШЕНДІ
ТӘРБИЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**





**1-қыркүйек, 2023 жылы
«Әділетті Қазақстан: сапалы
білім, адал ұрпақ, табысты ұлт»
әр топта ашық тәрбие сағаттары
өткізілді.**



Колледж студенттері “Қала күні” мерекесіне орай ұйымдастырылған ауқымды іс-шара “Kitap Fest” фестиваліне қатысты.

Колледжде “Отбасы күні” мерекесіне орай ұйымдастырылған
“Отбасы-бақыт мекені” видеоролик байқауының нәтижесі:



Колледжде “Қала күні” мерекесіне орай ұйымдастырылған
“Менің сүйікті қалам- Алматы” видеоролик байқауының нәтижесі:





Ұстаздар күніне орай Президент саябағында 1-курс студенттері өз жүрек жарды тілектерін арнады!



211-топтың кураторы Ш.Ахметова
“Қарттарым-асыл қазынам”
тақырыбында ZOOM платформасында
тәрбие сағатын өткізді!



1 қазан
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ



Колледждің 212-топ студенттері
“Қарттар- күні”мерекесіне орай қарт
адамдарға жақсы көңіл-күй сыйлады.



АЛҒЫС ХАТ

Құрметті

*"Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
құрамындағы кәсіби білім беру колледжі" АҚ*

ұжылы!

Сіздерді Оқу-ағарту министрлігінің атынан төл мерекеміз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл педагогтердің кәсіби мейрамы ресми түрде бекітіліп, Халықаралық мұғалімдер күніне сәйкес 5 қазанға белгіленді. Ұстаздардың жас ұрпақты тәрбиелеу жолындағы тынымсыз еңбегі мен ағартушылық қызметі әрқашанда құрметке ие. Ұстаз – мектептің жүрегі. Баланың бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға. Сондықтан Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Алты алаштың басы қосылса – төр мұғалімдікі» болуы тиіс.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауының арқасында педагогтердің мәртебесі туралы заң қабылданды. Бүгінде білім мазмұнын жетілдіру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, инфрақұрылымды жаңарту, балалардың қауіпсіздігін күшейту бағытында үлкен жұмыстар атқарылып жатыр.

Келешек ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру, елі мен жерін сүйетін, ұлтқа қызмет ететін адал азамат ретінде қалыптастыру - баршамызға жүктелген үлкен міндет.

Қадірлі әріптестер!

Еліміздегі білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлестеріңіз бен адал қызметтеріңіз үшін Сіздерге шынайы алғысымды білдіремін. Ел игілігі жолындағы ізденістеріңіз таусылмай, шығармашылық шабытқа, шәкірттеріңіздің құрметіне бөлене беріңіздер!

Құрметпен,
Министр

Ғани Бейсембаев

2023 жыл, Астана

Жастар ісі жөніндегі
комитеттің құрамына
қабылдау үшін іріктеу
кезеңі өтті



№5 жатақханадағы студенттермен кездесу





Колледж Президенті
Абдильдина Айсұлу
Ерболқызының ұйымдастыруымен
Жастар ісі жөніндегі комитетке
қабылданған
студенттерге арналған “Қош келдің,
белсенді жас” кеші өткізілді.

Колледж жатақханасында 25-қазан
“Республика күні” мерекесіне орай
«Елім менің-Қазақстан” тақырыбында
Оқырмандар клубында тарих пәнінің
оқытушысы Джандыбаева Назгуль
Жаңбырбаевна тәрбие сағатын өткізді.



Колледжіміздің 1 курс студенттері Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, драматург Тахауи Ахтановтың 100 жылдық мерейтойына арналған “Ұлт рухын ұлықтаған қаламгер” атты әдеби портрет кешіне қатысты.

Әдебиет халықтың рухани байлығы болса, сол байлықты ерекше шабытпен дүниеге келтірер таланттар халықтың маңдайына біткен кенен ырыс, жарық жұлдыздары. Тахауи Ахтанов халқымыз бен әдебиетіміздің осындай ырысына айналған көрнекті суреткерлеріміздің бірі және бірегейі.



Алматы қаласы №4 кітапхана Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай "Алтайдың ақиық жыршысы" атты әдеби портрет кешін ұйымдастырды. Сол кешке колледжіміздің оқытушылары Сеитова Айткүл Мырзахановна мен Нурпейсова Гүльнур Түлебаевна 1,3 курс студенттерін дайындап алып барды.

Танымал жазушының шығармаларынан студенттеріміз монологтар оқып, көрермендер мен қонақтардың ыстық ықыласына бөленді.





Әлия Қаһарманқызы Бөпежанова
Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің орынбасары

Нұрдаулет Бабиханұлы Ақыл
Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің орынбасары

Магира Дәулетбайқызы Қожахметова
Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің орынбасары

Ахметжан Ақсұлуұлы Ашири
Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің орынбасары

Саптанат Әбдіғали
Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің орынбасары

АРТЫҚ ҒЫЛЫМ КІТАПТА,
ЕРІНБЕ ОҚЫП КӨРҮГЕ.
АБАИ

АЛҒЫС ХА...

Студенттерімізді қазіргі заман талабына сай тәрбиелеу маңызды. “Мобилография және SMM” мастер класында студенттер фотоға түсірудің қыр-сыры, бейнеролик жасайтын бағдарламалар жасауды теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерді! Алматы экономикалық колледжінің мобилографы өз тәжірибесімен бөлісті!





Колледж
ұжымы, студенттері
сіздерді 25-қазан
Республика күнімен
құттықтайды!!!

Колледжде “Дін және қоғам” тақырыбында 1-4 курс студенттерімен кездесу өтті. Алмалы ауданы ІІБ инспекторы “Қылмыстық құқық бұзушылық”, Дін істер басқармасының маманы, теолог Абдрахманов Сұлтан Мұрзахметұлы “Терроризм мен экстремизм-заманауи өркениеттің басты қауіп-қатері” тақырыптарында дәріс оқыды. Ұйымдастырушы: Ахметова Шынар Кадирбековна, Абдикалыкова Айгерим Нурахыновна.






Дәрігер Дина Болатовна
колледж студенттеріне
«Қыз бала денсаулығы-ұлт
болашағы»
тақырыбында дәріс оқып,
пікір алмасу жүргізді.



QuzPU-дың 80
жылдығына орай
Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық
университетінің КеАҚ
құрамындағы Кәсіби
білім беру
колледжінің
оқытушыларына
арналған тимбилдинг
ұйымдастырылды.





“Student’s party-
2023”

1-курстарды
студенттік
қатарға
қабылдау кеші





“Сапалы білім - жаңа Қазақстанның іргетасы” атты онкүндік аясында
111топта “Қыздарға әсемдік жарасады” атты ашық тәрбие
сағаты өткізілді.





Алматы қаласының колледж студенттері арасында қалалық волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Бұл жарысқа колледжіміздің студенттері Ерғали Үмбетуллаевич Баиташов жетекшілігімен қатысты. Қыздарымыз 15 колледжден келген командалардың арасында үздік өнер көрсетіп, белсенді қатысушылар ретінде сертификат иеленді.

Мәдениеттану пәнінің
оқытушысы, А.Сманқызының
жетекшілігімен 212 топ
студенттері Орталық
мемлекеттік мұражайға
экскурсия барды.



"1-желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне" орай 212 топ кураторы Бекботаева Салтанат Елемесовна ашық тәрбие сағатын өткізді. Сонымен қатар, 211, 2012 топ студенттері Ақпараттық тақта жасады.



Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздіктің алтын тұғыры. Ата-бабалар аңсаған азаттықтың шырағы жағылған сәт. 314 топ кураторы Алимбекова Нургуль Абдраманқызының ұйымдастыруымен тарихи оқиғаның куәгерлері Алматы қаласы Алмалы ауданы «Желтоқсан ақиқаты» патриоттық қозғалысының төрайымы Гүлмира Шанигбаева және орынбасары Ғани Қалмақбаев ҚазҰҚПУ құрамындағы Кәсіби білім беру колледжі студенттерімен кездесті.





Желтоқсан оқиғасының қатысушыларымен кездесу



16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 211-топ кураторы студенттерімен бірге “Тәуелсіздік-тұғырым” атты ашық тәрбие сағатын өткізді.







«Жаңа Жыл-2023»

